

**Жезқазған қаласының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын 2013 жылы ұсыну туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2013 жылғы 7 ақпандағы N 12/102 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 5 наурызда N 2205 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2014 жылғы 9 шілдедегі № 25/218 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 09.07.2014 № 25/218 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесінің 2 тармағына сәйкес, Жезқазған қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қаласының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары  
2 0 1 3 ж ы л ы ұ с ы н ы л с ы н .

2. Жезқазған қалалық мәслихатының "2012 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы ұсыну туралы" 2012 жылғы 19 наурыздағы N 4/26 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-2-152 нөмірімен тіркелген,

2012 жылдың 27 сәуіріндегі N 18 (7768) "Сарыарқа" газетінде және 2012 жылдың 27 сәуіріндегі N 17 (313) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*В.Ю. Сотников*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*С.Т. Медебаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК